



Ұстаз. Ғалым. Тұлға



Мамандықты дұрыс таңдап, өмірде де, ғылымда да өз орнын табу — үлкен бақыт. Педагог-мамандар даярлауда іргелі іс атқарып келе жатқан ғалым әрі ұстаз **Абиљдина Салтанат Қуатқызы** мерейлі 50 жасқа толып отыр. Жасынан ойы ұшқыр, мінезі алғыр, білім-ғылымға жаны құштар Салтанат Қуатқызы 1989 ж. Жезқазған педагогикалық училищесін, 1993 ж. Қарағанды педагогикалық институтын үздік тәмамдаған. Еңбек жолын 1993 ж. ҚарПИ педагогика және бастауыш оқытудың әдістемесі кафедрасының оқытушысы болып бастады. 1993–1996 жж. аралығында ҚарМУ-дың педагогика және бастауыш оқытудың әдістемесі кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті болып жұмыс істеді. Университет қабырғасында жүріп, ғылыммен айналысып, 1999 ж. белгілі ғалым-педагог С.А. Ұзақбаеваның жетекшілігімен «Қазақ халқының ауызекі шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ғылым саласындағы ізденісін әрі қарай дамытып, тереңірек зерттеп, 2010 ж. ғалымдар З.У. Кенесарина және Ж.Ж. Наурызбайдың жетекшілігімен

«Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім берудің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында докторлық диссертациясын жазып, ғылыми дәрежесін алған.

27 жыл бойы педагогика ғылымдарының докторы, профессор С.Қ. Абиљдина білім-ғылым саласында талмай еңбек етіп келеді. Осы мерзім ішінде қаншама шәкірттер тәрбиелеп, олардың білікті де парасатты маман болып шығуына өз үлесін қосқан ұлағатты ұстаз. Отандық ғылымның дамуы жолында да тынымсыз еңбек атқарып отырған жан. Жылдар бойы жүргізген ғылыми ізденістері өзіндік жаңашылдыққа ие. Осындай қажырлы еңбегінің арқасында 2013 ж. «РЖА білім мен ғылымның еңбегі сіңген қайраткері» Құрметті атағы берілді; сол жылы оған өнертапқыштықты дамыту ісіне қосқан үлесі үшін А. Нобель медалі табысталды. ҚР БжҒМ «Жоо үздік оқытушысы» (2008, 2014), Т.Қ. Қамзабаев атындағы сыйлықтың лауреаты (2014), ҚР Ғылым мен техниканың дамуына қосқан еңбегі үшін Мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері. 2018 ж. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің еңбек сіңірген қызметкері» атағы берілді, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен де марапатталды (2018, 2019).

5 монографияның, 13 оқу құралының, 36 электрондық оқу құралының, 325-тен астам ғылыми мақаланың авторы. Негізгі ғылыми еңбектері жалпы педагогика, бастауыш білім беру, этномәдени білім беру салаларының мәселелеріне арналған. Ғылыми-зерттеу нәтижелері алыс және жақын шетел басылымдарында жарық көрген. С.Қ. Абиљдинаның жетекшілігімен 1 ғылым кандидаты (Г.К. Белгібаева), 2 PhD докторы (К.Б. Аданов, Ж.Б. Әбішев) және 20-дан астам педагогика ғылымдарының магистрлері дайындалды. Салтанат Қуатқызы әлемдік білім мен тәжірибені меңгеруде, ұштастыруда және тәжірибемен бөлісуде 2000–2019 жж. аралығында Қазақстан, Ресей, Түркия, Германия, Италия, Польша, Франция, Жапония және тағы басқа елдерінің жетекші оқу орындарында тағылымдамадан өткен. Бүгінгі күннің талабына сай жоғары оқу орындарында оқу үдерісін ұйымдастыру және сапасын бақылау жұмыстарына да өз үлесін қосып келеді. Ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мақсатында еліміздің бірнеше жоғары оқу орындарындағы PhD бойынша диссертациялық кеңестің мүшесі (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті) және Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың 6D010200 — «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», 6D010300 — «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша (PhD) диссертациялық кеңестің төрағасы. Тәжірибесі бай, білікті маман ретінде 2000–2007 жж. аралығында бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының, 2011 жылдан бүгінгі күнге дейін біріктірілген педагогика және бастауыш оқытудың әдістемесі кафедрасының меңгерушісі қызметін де абыроймен атқарып келеді. Әріптестері мен шәкірттері арасында зор беделге ие.

Салтанат Қуатқызын мерейлі мерейтойымен құттықтай отырып, денсаулық, отбасына амандық, асар асулары әлі де көп болсын демекпіз. Іргелі еңбектерімен әлі талай ізденістің нәтижесіне қолжеткізері сөзсіз. Сондықтан білімнің биігіне, ғылымның аскарына талмай, өрлей беріңіз!



Еркеблан Тажбаев, «Қарағанды университетінің хабаршысы» журналының бас редакторы